

## Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қаржы полициясы органдары қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 12 шілде N 240-II

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі Z952235\_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат; N 12, 88-құжат; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180, 181-құжаттар; N 11-12, 257-құжат; N 15, 281-құжат; N 23-24, 416-құжат; 1997 ж., N 4, 51-құжат; N 7, 82-құжат; N 10, 112-құжат; N 11, 144-құжат; N 12, 184, 188-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 20, 263-құжат, N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 4, 45-құжат; N 14, 197, 201, 202-құжаттар; N 23, 425-құжат; N 24, 436, 442, 445-құжаттар; 1999 ж., N 6, 192, 193-құжаттар; N 20, 731-құжат; N 21, 786-құжат; N 23, 928-құжат; N 24, 1067-құжат; 2000 ж., N 3-4, 65, 66-құжаттар; N 10, 234-құжат; 2001 ж., N 3, 16-құжат; 2001 жылғы 5 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 9 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2001 жылғы 3 мамырдағы Z010183\_ Қазақстан Республикасының Заңы; 2001 жылғы 15 маусымда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 13 маусымда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2001 жылғы 11 маусымдағы Z010207\_ Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 137-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Салықты және Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеудің дұрыстығы және оларды дер кезінде төлеу мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғаларды тексеруді салық қызметі органдары, ал осы Заңда көзделген жағдайларда қаржы полициясы органдарымен бірлесіп жүзеге асырады.";

2) XII бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"XII бөлім. Салық қызметі және қаржы полициясы органдарының мәртебесі мен құрылымы";

3) 167-бапта:

тақырыбы "Салық қызметі" деген сөздерден кейін "және қаржы полициясы" деген

сөздермен толықтырылсын;

1-тармақта:

бірінші бөліктегі ", Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық полициясы комитетінен және оның аумақтық органдарынан" деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөліктегі "Салық полициясы" деген сөздер "Қаржы полициясы" деген сөздермен ауыстырылсын, "арнаулы" деген сөз алып тасталсын;

төртінші бөліктегі "Салық полициясы органдарына" деген сөздер "Қаржы полициясы органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші бөлігіндегі ", сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық полиция комитеті, облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық полициялары басқармалары, салық полициясының ауданаралық (аймақтық) бөлімдері немесе аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша салық полициясы бөлімдері" деген сөздер алып тасталсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қаржы полициясы агенттігін Төраға басқарады, оны қызметке Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайды. Төрағаның орынбасарлары болады, оларды Қаржы полициясы агенттігі төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайды.

Облыстар мен Астана және Алматы қалалары бойынша, көліктегі қаржы полициясы департаменттерінің бастықтарын, аудандар, қалалар, қалалардағы аудандар бойынша ауданаралық (аймақтық) қаржы полициясы бөлімдерінің бастықтарын және олардың орынбасарларын қызметке Қаржы полициясы агенттігінің төрағасы тағайындайды.

Облыстық және қалалық қаржы полициясы басқармаларының, ауданаралық (аймақтық), аудандық қаржы полициясы бөлімдерінің қызметкерлерін облыстар мен Астана және Алматы қалалары бойынша, көліктегі қаржы полициясы департаменттерінің бастықтары тағайындайды.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі туралы

ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.";

4) 170-бапта:

тақырыбы "Салық қызметі" деген сөздерден кейін "және қаржы полициясы" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың б) тармақшасындағы "салық" деген сөз "қаржы" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші абзацындағы "Салық" деген сөз "Қаржы" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 45-тараудың тақырыбы "Салық қызметі" деген сөздерден кейін "және

қаржы полициясы" деген сөздермен толықтырылсын;

б) 171-бапта:

тақырыбы "Салық қызметі" деген сөздерден кейін "және қаржы полициясы" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта:

бірінші абзацтағы "Салық" деген сөз "Қаржы" деген сөзбен ауыстырылсын;

2), 3) және 4) тармақшалардағы "салық полицияларының" деген сөздер "қаржы полицияларының" деген сөздермен, 5) және 6) тармақшалардағы "салық полициялары" деген сөздер "қаржы полициялары" деген сөздермен ауыстырылсын;

қазақ тіліндегі мәтіндегі 6-тармақшадағы "қолдануға" деген сөзден кейін нүктелі үтір қойылып, "құқығы бар" деген сөздер алып тасталсын және мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) салық төлеуден жалтаруға байланысты қылмыс белгілерін көрсететін жеткілікті негіздер болған кезде салық органдарының нұсқамалары негізінде салық органдарымен бірлесіп салық тексерістерін жүргізуге құқығы бар.";

7) 173-бапта:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Салық қызметі және қаржы полициясы органдары жедел деректер алған кезде, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қылмыстар туралы істерді қозғауға себептер мен негіздер болған кезде салық төлеушілерді бірлесіп тексеруді жүзеге асыру үшін өздерінің лауазымды адамдарын жібереді.

Өздерінің лауазымды адамдарын жіберу туралы шешім тиісті сұрау салу келіп түскен күннен бастап бес күн ішінде қабылданады.";

6-тармақтағы "салық полициясы органдарының", "салық полициясы органына" деген сөздер тиісінше "қаржы полициясы органдарының", "қаржы полициясы органына" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 46-тараудың тақырыбы "Салық қызметінің" деген сөздерден кейін "және қаржы полициясының" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 176-бапта:

тақырыбы, 1, 2-тармақтар "Салық қызметінің" деген сөздерден кейін, 3, 4, 5-тармақтар "салық қызметінің" деген сөздерден кейін "және қаржы полициясының" деген сөздермен толықтырылсын, 6-тармақ "салық қызметі" деген сөздерден кейін "және қаржы полициясы" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтағы "Салық", "салық" деген сөздер тиісінше "Қаржы", "қаржы" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру , мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айрылуына байланысты әлеуметтік жәрдемақы төлеу ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін заң актілерінде белгіленген тәртіппен және жағдайларда жүзеге асырылады.";

10) 177-баптың тақырыбы мен 1-тармағы "Салық қызметі" деген сөздерден кейін " және қаржы полициясы" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 178-баптың тақырыбы мен мәтіні "Салық қызметі" деген сөздерден кейін "және қаржы полициясы" деген сөздермен толықтырылсын.

2. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" 1998 жылғы 2 шілдедегі Z980267\_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 15, 209-құжат; 1999 ж., N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 5, 116-құжат; 2001 жылғы 9 маусымда "Егемен Қазақстан" газетінде және 2001 жылғы 16 маусымда " Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" 2001 жылғы 8 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы" Z010206\_ Қазақстан Республикасының Заңы):

6-баптың 2-тармағындағы "салық полициясы мен әскери полиция" деген сөздер " қаржы полициясы мен әскери полиция" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 2001 жылғы 30 қаңтардағы K010155\_ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат):

1) 35-баптың бірінші бөлігіндегі "салық" деген сөз "қаржы" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 355-баптың тақырыбындағы және мәтініндегі "салық" деген сөз "қаржы" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 359-баптағы "Салық қызметі" деген сөздерден кейін " , қаржы полициясы" деген сөздермен толықтырылсын;

4) мынадай мазмұндағы 570-1-баппен толықтырылсын:

"570-1-бап. Қаржы полициясы органдары

1. Қаржы полициясы органдары осы Кодекстің 140 (бірінші бөлігінде), 141, 145, 146 , 159, 161 (бірінші бөлігінде), 164, 165, 166, 176 (бірінші бөлігінде), 205 (бірінші, екінші , төртінші және бесінші бөліктерінде), 207, 212, 215, 358-361-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға қаржы полициясы органдарының басшылары мен олардың орынбасарлары құқылы.";

5) 619-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) кәсіпкерлік қызмет, сауда және қаржы, салық салу саласында белгіленген басқару тәртібіне және мемлекеттік билік институттарына қол сұғатын құқық бұзушылық жасалғанда, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық жасалғанда - қаржы полициясы органдарының қызметкерлері;"

б) 620-баптың 9) тармақшасындағы "салық полициясы" деген сөздер "қаржы полициясы" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 636-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында:

жиырма бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі органдарының (172, 179, 183, 184, 188, 203-баптар);"

мынадай мазмұндағы жиырма алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"қаржы полициясы органдарының (137, 138, 140 (екінші бөлігі), 142, 143, 148-158, 161 (екінші және үшінші бөліктері), 162, 163, 176 (бірінші бөлігі), 179, 195, 200, 203, 211, 213, 214, 217, 355, 514-519, 521, 522, 529, 532-535-баптар);"

8) 638-баптың бірінші бөлігіндегі "ал салық салу саласында әкімшілік

құқық бұзушылық анықталған жағдайда салықты тексеру аяқталғаннан кейін" деген сөздер "ал салық тексерісі барысында анықталған салық салу саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық бойынша - ол аяқталғаннан кейін" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК